

## Мемлекеттік гидрометеорология қызметін сақтау және одан әрі дамыту туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-министрі Бірінші орынбасарының Өкімі 1995 жылғы 28 наурыздағы N 7-19

Мемлекеттік гидрометеорология қызметін сақтау және одан әрі дамыту мақсатында :

1. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Гидрометеорологиялық жөніндегі Бас басқарма 1995-1997 жылдарға арналған Гидрометеорологиялық қызметті кешенді дамыту бағдарламасының жобасын және Қазақстан Республикасының аумағында табиғи ортаның ластануын байқайтын гидрометеорологиялық станциялардың, постылар мен пункттердің мәртебесі туралы Ережені екі ай мерзімде әзірлеп, Үкіметтің бекітуіне ұсынсын.

2. Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технологиялар министрлігі автоматтандырылған байқау жүйелерін модерлендіру, гидрометеорологиялық ақпараттарды жинау мен өңдеу жөніндегі жұмыстарды аяқтауға 1995 жылы " Телекоммуникация мен байланыстың қазіргі жүйелерін дамытудың" Республикалық мақсатты ғылыми-техникалық бағдарламасының тапсырмалары шеңберінде қаражат бөлінуін қарастырсын.

3. Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі Экономика министрлігінің және Қаржы министрлігінің келісуі бойынша бір ай мерзім ішінде гидрометеорология жүйесінің қызметкерлеріне еңбек сіңірген жылдары мен жұмыс ерекшелігі үшін үстеме ақы белгілеу туралы ұсыныс енгізісін.

4. Қазақстан Республикасының Білім министрлігі сұраныс пен жасалған шарттарға сәйкес гидрометеорологиялық бейімдегі қажетті мамандарды даярлауды қамтамасыз етсін.

5. Облыстардың және Алматы қаласының әкімдері гидрометеорология қызметіне: қиын-қыстау жерлердегі гидрометеорология станцияларын азық-түлікпен, жанар-жағар май материалдарымен және отынмен қамтамасыз етуде; гидрометеорологиялық байқау пункттерінің төңірегінде қорғалым аймақтарының сақталуына жан-жақты қолдау көрсетсін.

6. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Гидрометеорология жөніндегі Бас басқармаға гидрометеорология және табиғи орта мониторингі саласында барлық мәселелерді жүргізу және Қазақстан Республикасын көрсету, сондай-ақ халықаралық ұйымдарда климаттың өзгеруі туралы БҰҰ-ның Негізгі Конвенциясы мен озон қабатын қорғау туралы Вена Конвенциясы бойынша мемлекеттің міндеттемелерін орындау тапсырылсын.

Премьер-министрдің  
бірінші орынбасары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК